

Тақырыбы:

**Сыныптан тыс жұмыстарда
Шығыстың ұлы ұстазы «Әл Фараби
және оның шәкірттері» атты
шығармашылық кешті ұйымдастыру
және өткізу әдістемесі**

Ғылыми жоба жұмысының авторлары:

1. Жандарбекова Гүлмарал – ОҚГИ–ның 2-курс студенті.
2. Қаманова Ұлмекен – ОҚМУ–нің 1-курс студенті.
3. Қантөре Нұржан Әуесханұлы-Шымкент қаласының №61 ЖОМ 8-сыныптың өнертапқыш оқушысы.

Ғылыми жетекші-кеңесшілері:

1. Шымкент қалалық білім беру бөлімінің физика пәнінің әдіскері–
Салибекова Мадина Шанабекқызы.
2. ОҚМПИ –ның доценті, ф-м.ғ.к.
Ниязымбетов Асхат Дүйсенбекұлы.
3. М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты,
Ресей Жаратылыстану Академиясының
профессоры Лауланбекова Роза
Тәліпбайқызы.

Мақсаты:

- **Білімділік:** Әбу насыр Әл-Фарабидің өмірбаяны, шыққан ортасы, білімі және қай елдерде білімін арттырып, қанша тілді меңгеріп шыққанын оқушыларға түсіндіру.
- **Тәрбиелік:** Ұлы ғалым Әбу насыр Әл Фарабидің білім іздеу жолындағы жетістіктері жайлы әнгімелеп оқушыларды еңбекқорлыққа баулу.
- **Дамытушылық:** Оқушылардың ой-өрісін кеңейту, есте сақтау қабілетін дағдыландыру, жүйелі жұмыс істеуін қалыптастыру.

Жоспары

Кіріспе

1. Сыныптан тыс жұмыстар және оның түрлері.

2. Шығыстың ғұлама ғалымы Әл-Фараби.

3. Оңтүстік Қазақстандық Бектаев Қалдыбай

4. Оңтүстік Қазақстандық Бүркіт Әуесхан

Қантөреұлы.

Бейнеролик.

Қазақстан ұлттық телеарнасы.

Қорытынды.

Әдебиеттер.

Қосымша

Медаль куәліктері және т.б.



Әбу Насыр ибн Мухамед Тархан ибн Узлаг Әль-Фараби



Тарихымыздағы ұлы тұлғалардың бірі, ислам дүниесінің ең ірі, атағы әлемге жайылған ғұлама философы, Аристотельден кейінгі "екінші ұстаз" атанған Әбу Насыр әл-Фараби қазақ жерінде, Отырар қаласында дүниеге келген. Ұлы жерлесіміз әл-Фараби түркі тайпасының дәулетті бір ортасынан шыққан, бұған дәлел оның толық аты-жөнінде "Тархан" деген атаудың болуы. Әл-Фараби 870 жылы Сыр бойындағы Арыс өзенінің Сырға барып құятын жеріндегі Фараб қаласында дүниеге келді. Фарабидің толық аты-жөні Әбу-Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Үзлағ ибн Тархан әл-Фараби, яғни әкесі Үзлағ, арғы атасы Тархан. Туған жері — қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу-Насыр Фараби атанған. Бұл қаланың орны — қазіргі Отырар ауданы, Оңтүстік Қазақстан облысы аумағында. Сол тұста өмір сүрген зерттеушілердің қалдырған нұсқаларына қарағанда, Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған. Отырарға орта ғасыр ғалымдарының көп назар аударғанын біз тарихтан жақсы білеміз. Білімге, ізденуге деген құштарлықтың жетелеуімен ол жас шағында, дүниедегі құбылыс біткеннің бәрі кісіге әрі ғажап, әрі таңсық көрінетін кезде саяхат жасап, сол замандағы мәдени әлемнің көптеген орталықтары: Хорасанда, Бағдадта, Дамаскіде (Шам), Мысырда болған. Өз өмірінің көп жылдарын ол араб халифатының саяси және мәдени орталығы болған Бағдадта өткізді.

Болашақ ғалым алғашқы сауатын туған жерінде өз тілімен ашса да, 12 — 16 жас шамасында керуенге ілесіп, білім іздеп Бағдадқа кетеді. Ол Отырар медресесінде, Шаш, Самарқан, Бұхара, кейін Харран, Мысыр, Халеб (Алеппо), Бағдад шаһарларында білім алған. Тарихи деректер бойынша 70-ке жуық тіл білген. Өздігінен көп оқып, көп ізденген ойшыл философия, логика, этика, метафизика, тіл білімі, жаратылыстану, география, математика, медицина, музыка салаларынан 150-ге тарта трактат жазып қалдырды. Шығармаларында көне грек оқымыстыларының, әсіресе, Аристотельдің еңбектеріне талдау жасады. Қасиетті Құран Кәрім тек діни қағидалар жинағы ғана емес, сонымен қатар талай ілімнің құпия кілтін бойына бүккен ғаламдық кітап болғандықтан, Әбу Насыр Әл-Фараби бүкіл ислам ғалымдарына парыз болған — иджтихад (ойлау қабілетінің шыңына жету үшін беріле еңбек ету) және муджтахид (иджтихадпен шұғылданған адамның өз жаңалықтарын Құран Кәрім мен Хадис Шариф — парыз-сүннет амалдарына негіздеп отыруы) жолына түскен. Әбу Насыр Әл-Фараби адам міндетті түрде адал ниетті болу керек деп есептейді. Өйткені жақсы істер істеп, мұның төлеуін күтсе, адам бұл істерін жамандыққа айналдырады.

Фараби Аристотельдің, әл-Киндидің ізін қуып, философия мен ғылымның барлық салалары бойынша үлкен жетістіктерге жетеді. Мәселен, Фараби шығармаларының санын неміс ғалымы Ш. Штейшнейдер 117 еңбек десе, түрік ғалымы А. Атеш 160, ал тәжік ғалымы Б. Ғафуров 200 трактат деп көрсетеді. Фараби философия саласы бойынша грек ойшылы Аристотельдің "Ка-тегориялар", "Метафизика", "Герменевтика" мен "Софистикасына" түсініктемелер жазды. Ол еңбектері күні бүгінге дейін де мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Сөйтіп, Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін таныстыруда үлкен рөл атқарды. Әл-Фарабиден бізге жеткен ең үлкен ғылыми теориялық еңбек — "Музыканың ұлы кітабы" болып табылады. Мұнда музыка теориясы физика-математикалық негізде қорытылып, баяндалған, мәселен, физиканың акустика, механика мәселелері бойынша кең қамтылып, дыбыстың табиғаты, таралуы, қозғалысы, резонанс, т. б. бойынша көптеген соны пікірлер айтылады.

Физика саласындағы ғұламаның көрнекті еңбегі "Вакуум туралы" деп аталады. Мұнда ол табиғатта вакуум (бостық) жоқ екенін ежелгі грек оқымыстыларында сирек кездесетін тәжірибеге (экспериментке) сүйенген логикалық қорытындылар арқылы дәлелдеуге тырысады. Бұл еңбегінде ол вакуум проблемасынан басқа да физиканың әр түрлі мәселелерін қарастырып, сол кездегі ғылымның деңгей-дәрежесіне сай шешімдерін тауып беруге тырысады.

Әбу Нәсір әл-Фарабидің нақыл сөздерін ұсынамыз.

Өрге жүзген өнегелі ісімен, таңда адал дос өз теңіңнің ішінен.

Өзгенің пікірін иемденіп кету – надандық һәм ниеті қара адамға лайық іс. Ғылыммен айналыссам деген адамның ақыл-ойы – айқын, ерік-жігері – зор, тілек-мақсаты – ақиқат пен адалдыққа қызмет етуге талап жолында болуы шарт.

Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты.

Ақыл-парасат – адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнердің қыр-сырын ұғуына, жақсы қылық пен жаман қылықтың ара жігін ашуына көмектесетін күш.

Музыка – рухтың, құмарлық пен ынтызарлықтың, әр алуан көңіл-күйдің ісі. Музыканың негізгі міндеті – адамның эстетикалық қажетін өтеу.


Адамға тән бір жақсы қасиет – өзін қоршаған әлемнің әсемдік сырларына үңілу, содан рухани нәр алу, өзінің нәзік сезімін образдар арқылы паш ете алу.



Түркістан қаласындағы Әл-Фарабидің ескерткіші



Самарқан қаласы




Самарқан XV ғасырда ғылым оралығы



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті



Алматы қаласындағы Әл-Фараби көшесінің
сызбасы



Әл-Фараби көшесінде орналасқан “Нур мубарак” мешіті

Ғалым мұраларының бізге жетуін төрт кезеңге бөлуге болады:

- I. Орта ғасырдағы араб, парсы және басқа тілдерде жазған ғұламалар арқылы (Ән-Надим, әл-Байһақи, Ибн Саид әл-Кифти, Хаджи Халифа, Венике, Камерариус т.б.);
- II. Жаңа дәуір кезеңдеріндегі Батыс Еуропа мен Америка ғалымдары арқылы (Леонардо да Винчи, Спиноза, И.Г.Л. Козегартен, Г. Зутер, Ф. Диетереци, К. Брокель, Дж. Сартон, М. Штейншнейдер, Д. С. Марголиус, т.б.);
- III. 20 ғасыр, әсіресе Кеңес Одағы шығыстанушы ғалымдары арқылы (В. В. Бартольд, Е. Э. Бертельс, Б. Ғафуров, С. Н. Григорьян, В. П. Зубов, А. Сагадеев, Ю. Завадовский, түріктер А. Сайылы, Х. Үлкен т.б.);
- IV. Қазақстан мен Орта Азия оқымыстылары арқылы (Ә. Марғұлан, А. әл-Машани, О. Жәутіков, А. Қасымжанов, А. Көбесов, М. Бурабаев, Ә. Дербісәлиев, І. Жарықбаев, Ш. Хайруллаев т.б.).

Әбу Насыр әл-Фараби мұраларының Қазақстанда түбегейлі зерттелуі ХХ ғасырлардың 60-жылдарында ғана қолға алынды. Оған алғаш бастамашы болған қазақ ғалымдары Ақжан әл-Машани мен Қаныш Сәтбаев еді. Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1100 жылдығына орай шығарылған ЮНЕСКО шешімі бойынша 1975 жылы Алматыда халықаралық конференция өткізілді. Бұл күндері ҚР ҒМ Ғылым Академиясының философия институтында шығыс философиясы және фарабитану бөлімі жұмыс істейді. Мұнда ғұламаның қазірге дейін қазақ және орыс тілдеріне аударылып, ғылыми түсініктемелері мен алғысөздері жазылып, 20-дан астам трактаттары жарық көрді. Бұл бөлім Әбу Насыр Әл-Фарабидің диалектикасы, гносеологиясы мен әлеуметтік философиясы мәселелері бойынша зерттеулер циклін жүргізіп келеді. ҚазМУ-де Фарабитану орталығы құрылған. Мұнда да Әбу Насыр Әл-Фараби мұраларын аудару, зерттеу, насихаттау жұмыстары маркстік көзқарастардан арылған жаңа, тың бағыттар бойынша жүргізілуде.



Қалдыбай Бектайұлы Бектаев (27.11.1920ж, Оңтүстік Қазақстан облысы, Бөген ауданы Шұбар ауылы – 1996, Шымкент қаласы) – физика-математика ғыл. канд., филол. ғыл. докт. (1975), проф. (1976), Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылыми қайраткері (1980). II-дүниежүзілік соғысқа қатысқан.

Орта Азия ун-тін бітірген (1946). 1946–1948 ж. Шымкент педагогика институтында оқытушы, 1958–1996 ж. кафедра меңгерушісі, декан (1965–1968) болды. 1968–1974 ж. Қазақстан ғылым академиясының Тіл білімі ин-тының статист.-лингвист. зерттеулер және автоматтандыру тобын басқарды. Негізгі ғыл. еңбектері ықтималдық теориясына, матем. статистикаға, ақпарат теориясына және матем.-инж. лингвистика мәселелеріне арналған. Ол – математика және кибернетикалық әдістерді түркі тілдерін зерттеуге тұңғыш рет қолданған ғалым. Бектаевтың басшылығымен республикада алғаш рет электрондық есептеуіш машинаның көмегімен мәтіндердің ағылшын тілінен орыс тіліне машиналық аудармасы жасалды. 2-дәрежелі Отан соғысы, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған. Бектаевтың жетекшілігімен 1979 ж. «М. Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігі» жарық көрді. Бұл еңбекте жазушының сөз байлығына, сөздерді қолдану тәсіліне, стилистикалық ерекшеліктеріне сандық сипаттама берілді. Бұл зерттеу қазақ және жалпы түркі тілдерін, көркем шығарманың тілдік ерекшеліктерін зерттеушілер үшін мол мағлұматтар береді.



Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы 1971 жылы 28(19) сәуір күні Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы, Ордабасы елді мекенінде дүниеге келген. 1988-1993 жылы Халықаралық Қазақ Түрік Университетінің «Математика және информатика» пәнінің мұғалімі біліктілігін алған. 1993 жылдан бастап М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Информатиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасының үздік аға оқытушысы, үздік әдіскері, Жаратылыстану-педагогика факультетінің оқу-тәрбие істері жөніндегі деканның орынбасары қызметін атқарды.

«АРХИМЕД & *Perpetuum mobile*» жас конструкторлар мен дизайнерлердің Кіші Академиясының жетекшісінің көмекшісі ретінде іргетасын қалағандардың бірі. 2005 ж «Қазақстанның білім және ғылым әлемі» журналының, 2013 ж «Ата-ана және мектеп» журналдарының бас редакторы, 2014 ж «Алғырлар, Тапқырлар, Ойшылдар, Мектебінің хабаршысы» журналының бас редакторы және «Алғырлар, Тапқырлар, Ойшылдар, Мектебі (АТОМ)» жергілікті қоғамдық бірлестігінің теңтөрағасы, 2012 ж «Д.А.Қонаев» халықаралық қоғамдық қорының ОҚО филиалының «Д.А.Қонаев» - ғылыми қоғамының төрағасы, 2014 ж Шымкент қалалық №61 жалпы орта мектебінің «әл-Фараби» - оқушылар ғылыми қоғамының төрағасы, Төлеби аудандық мамандандырылған мектеп-интернатының ғылыми кеңесшісі, Шымкент қалалық №8 гимназия-мектебінің «Архимед» техникалық үйірмесінің ғылыми жетекшісі қызметтерін қоғамдық негізде атқарды. 2013 ж Ресей Жаратылыстану Академиясы «Педагогика ғылымдары» бойынша «Кеңесші» ғылыми атағын берген. 1000-ға жуық ғылыми-әдістемелік еңбектердің, электрондық кітаптың, өнертапқыштық жұмыстың авторы. Қазақстандағы ең үздік шығармагерлік жұмысы ретінде Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің 10 маусым 2002 жылғы №460 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (030140-«Математика» мамандығы) авторы.

1000-ға жуық ғылыми-әдістемелік еңбектердің, электрондық кітаптың, өнертапқыштық жұмыстың авторы. Қазақстандағы ең үздік шығармагерлік жұмысы ретінде Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің 10 маусым 2002 жылғы №460 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (030140-«Математика» мамандығы) авторы.



Қорытынды.

Әбу Насыр әл-Фараби жас ұрпақтың сана-сезімін қалыптастыру үшін үш нәрсенің ерекшелігін жүйелеп, дәйектеп алу шарт:

- 1)Баланың ішкі ынта-ықыласы, құмарлығы;
- 2)Ұстаздың шеберлігі, ар тазалығы;
- 3)Сабақ процесінің алатын орны.

Ол өзінің “Риторика”, “Поэзия өнері туралы”, “Бақытқа жол сілтеу” туралы трактаттарында этикалық, эстетикалық мәселелерге көңіл бөліп, көркемдік, сұлулық, бақыт, мейірбандық білім негіздерін дәлелдеп берді. Әл-Фараби шығармаларының басым көпшілігі әлі де араб тілінен аударылмай, зерттелмей жатыр. Астрономия, логика, саз жайлы еңбектері де күні бүгінге дейін терең зерттеле қойған жоқ. Әбу Насырдың көптеген туындылары дүние жүзі кітапханаларында сақтаулы, бізге беймәлім күйде. Оларды іздестіру, жарыққа шығару, сөйтіп халықтың игілігіне айналдыру – болашақтың зор міндеттерінің бірі.